

ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫ

Тағылымдама бағдарламасы

Тағылымдама бағдарламасы қатысушыларға Түркі мемлекеттері ұйымының (ТМҰ) мүше және байқаушы мемлекеттерімен жүзеге асырылатын бірлескен жобалар үдерісі туралы ақпарат пен тәжірибе алуға мүмкіндік береді.

Тағылымдама бағдарламасының мақсаты үш негізгі бағыттан тұрады:

- Студенттерге теориялық білімдерін іс жүзінде қолдану арқылы тереңдетуге мүмкіндік беретін тәжірибелік тапсырмалар негізінде ТМҰ Хатшылығында тағылымдамадан өтуге жағдай жасау;
- Тағылымгерлерді Түркі мемлекеттері ұйымының құрылымы мен қызметімен жан-жақты таныстыру;
- ТМҰ Хатшылығын жоғары білікті студенттердің қолдауымен қамтамасыз ету.

1. Тағылымдамаға кімдер өтініш бере алады?

- ТМҰ-ға мүше мемлекеттердің азаматтары (Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия, Өзбекстан);
- Үміткерлер Халықаралық қатынастар, Халықаралық құқық, Саясаттану, Экономика, Медиа және коммуникация салаларында бакалавриаттың 3-курсы немесе соңғы курсына оқуы тиіс;
- Жасы 26-дан аспауы керек;
- Ағылшын тілін өте жақсы меңгеруі тиіс (Мүше мемлекеттердің ресми тілдерін білу – артықшылық).

2. Тағылымдамаға өтініш беру үшін талап етілетін құжаттар:

- Түйіндеме (ең көп дегенде 2 бет);
- Тағылымдамаға өтініш формасы;
- Тағылымдамадан күтілетін нәтижелер мен академиялық қызығушылықтарды сипаттайтын ниет хаты (ең көп 1 бет);
- Ағылшын тілінде жазылған жазба үлгісі (мақала, аналитикалық мақала, университетке арналған жазба және т.б., 5–6 беттен аспауы тиіс).

3. Өтініш қашан тапсырылуы тиіс?

- Өтініш тапсырудың соңғы мерзімі — 2025 жылғы 20 маусым.

4. Тағылымдама мерзімі қанша уақытқа созылады?

- Тағылымдама мерзімі — 3 апта.
- Тағылымгерлер аптасына бес күн (сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін) Хатшылық кеңсесінде жұмыс істеп, өздеріне жүктелген тапсырмаларды жауапты қызметкер — жетекшінің бақылауымен орындауы тиіс.

5. Тағылымдамаға қабылданған үміткерлерден талап етілетін құжаттар:

- Университеттен студент екендігін растайтын анықтама;
- Паспорттың немесе жеке куәліктің көшірмесі;
- Соттылықтың болмауы туралы анықтама.

6. Өтініш беру тәсілі:

- Өтініштер internship@turkicstates.org электрондық поштасы арқылы қабылданады.
- Тағылымдамаға өтініштер тікелей ТМҰ Хатшылығына жолдануы тиіс.

7. Өтініш нәтижесін қалай білуге болады?

- Қорытынды іріктеуден бұрын үміткерлермен сұхбат жүргізіледі.
- Өтініштер қаралған соң, үміткерлерге нәтиже электрондық пошта немесе телефон

арқылы хабарланады.

Шығындар: Тағылымдама кезеңінде тағылымгерге ТМҰ Хатшылығы тарапынан аптасына 150 АҚШ доллары мөлшерінде стипендия беріледі. Сапар, сақтандыру және тұруға байланысты барлық шығындар тағылымгердің немесе оны қаржыландыратын мекеменің есебінен жүзеге асырылады.

Сапар: Тағылымгер тағылымдама өтетін ТМҰ Хатшылығы орналасқан жерге дейінгі жол жүруді өзі ұйымдастырып, қаржыландыруы қажет.

Құпиялылық: Тағылымдама барысында алынған кез келген жарияланбаған ақпарат құпия болып саналады. Тағылымгер мұндай ақпаратты жариялауға, сол ақпараттарға негізделген қандай да бір құжатты тарата алмайды.